

Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 382 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 24 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2574. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 282 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу жүйесін жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесі бекітілсін (осы қаулыға 1-қосымша).

2. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

4. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне ж ә н е ф и л и а л д а р ы н а ж і б е р с і н .

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат

құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Эмиссиялық бағалы қағаздардың
мемлекеттік тізілімін жүргізу
ережесін бекіту туралы"
2003 жылғы 27 қазандағы
N 382 қаулысына
1-қосымша

Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесі 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізудің (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) шарттары мен тәртібін белгілейді.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздардың тіркелген шығарылымдары, эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы бекітілген есептер, сондай-ақ эмиссиялық бағалы қағаздардың жойылған шығарылымдары туралы мәліметтерді бағалы қағаздар рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) Мемлекеттік тізілімге енгізеді.

3. Мемлекеттік тізілімді жүргізу электрондық және қағазға басылған нысанда жүзеге асырылады. Мемлекеттік тізілім:

1) шығарылымға нөмір беруге және бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірін беруге арналған тізілім-журналдан (бұдан әрі - тізілім-журнал);

2) Мемлекеттік тізілімге өзгерістер енгізу туралы тізілім-журналдан (бұдан әрі - өзгерістер журналы);

3) акциялар тізілімінен (электрондық нысан);

4) облигациялар журналынан (электрондық нысан);

4-1) пайлар тізілімінен (электрондық нысан);

5) қазақстандық депозитарлық қолхаттар тізілімінен (электрондық нысан)

т ұ р а д ы .

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

2-бөлім. Эмиссиялық бағалы қағаздар және олардың эмитенттері туралы мәліметтерді Мемлекеттік тізілімге есепке алу

4. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдарын, эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы бекітілген есептерді және эмиссиялық бағалы қағаздардың жойылған шығарылымдарын мемлекеттік тіркеу және олардың эмитенттері туралы мәліметтер эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын, эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы бекітілген есептерді және эмиссиялық бағалы қағаздардың жойылған шығарылымын тіркеген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей Мемлекеттік тізілімге енгізіледі.

5. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдары және олардың эмитенттері туралы мәліметтер Мемлекеттік тізілімге:

1) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес толтырылған акциялар шығарылымының карточкасындағы;

2) осы Ереженің 18-тармағының 1), 2), 5)-11), 13)-15), 20), 21), 23), 27)-30) және 37) тармақшаларына сәйкес мәліметтер бар бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне өзгерістер карточкасындағы;

3) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған облигациялар шығарылымының карточкасындағы;

4) осы Ереженің 18-тармағының 1)-19), 23), 25), 28), 41) және 42) тармақшаларына, 20-тармақтың 1) тармақшасының үшінші-алтыншы абзацтарына (қазақстандық депозитарлық қолхаттар эмитенті үшін) және 18-тармақтың 1), 2), 5), 9), 25), 29), 36) және 37) тармақшаларына және осы Ереженің 20-тармағының 2) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарына (қазақстандық депозитарлық қолхаттардың негізгі активтерінің эмитенті үшін) сәйкес мәліметтер бар қазақстандық депозитарлық қолхаттар карточкасындағы;

4-1) осы Ереженің 2-1-қосымшасына сай толтырылған пайлар шығарылымының карточкасындағы;

5) осы Ереженің 18-тармағының 1), 2), 28), 29), 31), 32), 34), 35), 36), 37) тармақшаларына сәйкес мәліметтер бар акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп карточкасындағы;

6) осы Ереженің 18-тармағының 1), 2), 28), 29), 31), 34) тармақшаларына сәйкес мәліметтер бар облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы е с е п к а р т о ч к а с ы н д а ғ ы ;

6-1) осы Ереженің 18-тармағының 32), 34) және 35) тармақшаларына және 20-1-тармағының 9)-11) тармақшаларына сәйкес мәліметтер бар пайларды орналастыру қорытындылары туралы есептің карточкасындағы;

7) осы Ереженің 20-тармағының 1) тармақшасының жетінші-он төртінші абзацтарына сәйкес мәліметтер бар қазақстандық депозитарлық қолхаттарды орналастыру қорытындылары туралы есеп карточкасындағы деректер негізінде е н г і з і л е д і .

Ескерту: 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 76 қаулысымен.

6. Эмиссиялық бағалы қағаздар және олардың эмитенттері туралы мәліметтер осы Ереженің 3, 4 және 5-қосымшаларына сәйкес жасалған өтінімдер негізінде тізілім-журналға е н г і з і л е д і .

Ескерту: 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 76 қаулысымен.

7. Акциялар, облигациялар және қазақстандық депозитарлық қолхаттар бойынша тізілім-журнал жеке жүргізіледі.

8. Акциялар шығарылымдарына нөмірлер беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: нөмір латын алфавитінің бір әрпінен (нөмірдің бірінші позициясы) және төрт араб санынан (нөмірдің екінші, үшінші, төртінші және бесінші позициясы) тұрады. Нөмірді беру нөмірдің бірінші позициясындағы латын алфавитінің бірінші әрпінен және бесінші позицияда бір санынан басталады. Келесі нөмірлерді беру соңғы нөмірдің жүйелі түрде өсуімен жүргізіледі және нөмірдің позициясы бесінші позициядан бастап солдан оңға жүргізіледі және нөмірдің позициясы бесінші позициядан бастап солдан оңға қарай толтырылады. А9999 нөміріне жеткеннен кейін латын алфавитінің келесі әрпіне көшеді және нөмірді санау бір санынан қайта басталады.

9. Облигациялар шығарылымдарына нөмірлер беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: нөмір латын алфавитінің бір әрпінен (нөмірдің бірінші позициясы) және екі араб санынан (нөмірдің екінші және үшінші позициясы) тұрады. Нөмірді беру нөмірдің бірінші позициясындағы латын алфавитінің бірінші әрпінен және үшінші позиция бірлігінен басталады. Келесі нөмірлерді беру соңғы нөмірдің жүйелі түрде өсуімен жүргізіледі және нөмірдің позициясы екінші позициядан бастап солдан оңға қарай толтырады. А99 нөміріне жеткеннен кейін латын алфавитінің келесі әрпіне көшеді және нөмірді санау бір санынан қайта басталады.

10. Қазақстандық депозитарлық қолхаттар шығарылымдарына нөмірлер беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: қазақстандық депозитарлық қолхаттар

шығарылымының нөмірі екі араб санынан тұрады. Қазақстандық депозитарлық қолхаттарының бірінші шығарылымы кезінде белгілібір негізгі активтің біреуіне "01" нөмірі беріледі. Осы эмитенттің осындай қазақстандық депозитарлық қолхаттардың келесі шығарылымдарының осындай белгілібір негізгі активіне осы "01" нөмірі беріледі. Осы эмитенттің осындай қазақстандық депозитарлық қолхаттарының келесі шығарылымдарының басқа негізгі активіне "02" нөмірі беріледі.

10-1. Пайлар шығарылымына тіркеу нөмірлерін беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: пайлар шығарылымының тіркеу нөмірі бес позициядан тұрады; нөмірдің бірінші және екінші позицияларында әрбір басқарушы компания үшін бірегей және өзгеріссіз болып қалатын Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінде инвестициялық пай қорының пайларын шығарудың бастамашысы болған басқарушы компанияның реттік нөмірін білдіретін араб цифрлары көрсетіледі; үшінші позицияда "/" деген белгі көрсетіледі; төртінші және бесінші позицияларда оны құрған басқару компанияның инвестициялық пай қорының реттік нөмірін білдіретін араб цифрлары көрсетіледі.

Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 76 қаулысымен.

11. Эмиссиялық бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

12. Тізілім-журналы беттеледі, тігіледі және уәкілетті органның тізілім-журналды жүргізуді жүзеге асыратын қызметкерінің қолымен бекітіледі.

13. Тізілім-журнал біткеннен кейін оның титул парағына "Тізілімде бар эмиссиялық бағалы қағаздар туралы жазбаның барлығы (шығарылым туралы соңғы жазбаның реттік нөмірі)" деген жазба жүргізіледі және еркін форматта тізілім-журналдың аяқталған күні көрсетіледі.

14. Жаңадан ашылған тізілім-журнал бағалы қағаздардың шығарылымы туралы реттік нөмірі бұрынғы тізілім-журналдағы соңғы жазбадан бір санға асатын эмиссиялық реттік нөмірді жазудан басталады.

15. Эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымы туралы аяқталмаған жазбаны бір тізілім-журналдан екіншісіне көшіруге тыйым салынады.

16. Бір эмитенттің әрбір эмиссиялық бағалы қағаздары туралы мәліметтер, барлық өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік тізілімде жеке ескеріледі.

17. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектілеріне тіркелген өзгерістер (толықтырулар) туралы мәліметтер және эмитент туралы деректер шығарылым проспектісіне өзгерістерді (толықтыруларды) тіркеген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бір мезгілде өзгерістер журналына және Мемлекеттік тізілімге енгізіледі.

18. Акциялар тізілімі мынадай мәліметтерден тұрады:

- 1) эмитенттің атауы;
- 2) эмитенттің ұйымдық-құқықтық нысаны;
- 3) эмитенттің мәртебесі (қаржы агенттігі);
- 4) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 5) эмитент қызметінің түрлері;
- 6) Қазақстан Республикасының резидент еместерінің эмитенттің жарғылық капиталына қатысуы жазбалардың біреуінде көрсетіледі: "Шетелдің қатысуынсыз" немесе "Шетелдің қатысуымен";
- 7) жазбалардың біреуінде эмитенттің мамандануы көрсетіледі: "Банк", "Сақтандыру қоғамы", "Инвестициялық қор", "Зейнетақы қоры", "Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары" немесе "Басқалары";
- 8) жазбалардың біреуінде эмитенттің жарғылық капиталында мемлекеттік үлестің болуы көрсетіледі: "Мемлекеттің үлесі жоқ", "Мемлекеттің үлесі бар";
- 9) эмитент орналасқан облыс немесе аймақ;
- 10) эмитенттің почта индексі көрсетілген мекен-жайы, орналасқан елді мекені, көшесі (массив) және құрылыстың нөмірі;
- 11) эмитенттің байланыс телефондары, факс және электрондық почтасының адресі;
- 12) жазбалардың біреуінде эмитенттің құрылу тарихы көрсетіледі: "жаңадан құрылған", "қосылған", "бөлінген", "біріккен", "қайта құрылған" немесе "басқалары";
- 13) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған мемлекеттік органның атауы;
- 14) ["дд.мм.гг." форматында] эмитенттің мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күні;
- 15) эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі;
- 16) эмиссиялық бағалы қағаздардың тіркелген шығарылымының нөмірі;
- 17) эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған мемлекеттік органның атауы;
- 18) ["дд.мм.гг." форматында] эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеу күні;
- 19) ["дд.мм.гг." форматында] эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымының проспектісін тіркеу күні;
- 20) эмитенттің жарғылық капиталының мөлшері;
- 21) жазбалардың бірінде көрсетілетін эмиссиялық бағалы қағаздардың түрі: "жай акциялар", "артықшылықты акциялар", "ипотека облигациялары", "агенттік облигациялар", "эмитенттің мүлік кепілдігімен қамтамасыз етілген купондық облигациялар", "банктің кепілдігімен қамтамасыз етілген купондық

облигациялар", "қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар", "инфрақұрылымдық облигациялар", "эмитенттің мүлік кепілдігімен қамтамасыз етілген дисконтты облигациялар", "банктің кепілдігімен қамтамасыз етілген дисконтты облигациялар", "қамтамасыз етілмеген дисконтты облигациялар" (облигация бағдарламасын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді қоспағанда),
п а й л а р ;

22) эмиссиялық бағалы қағаздардың нақтылы құны (акционерлік қоғам құрылтайшыларының арасында орналастырылатын облигациялар мен акциялар), бастапқы орналастыруға жататын пайлар;

23) эмиссиялық бағалы қағаздардың түрлері бойынша саны;

24) артықшылықты акциялар бойынша кепілдік берілген дивидендтердің м ө л ш е р і ;

25) ұлттық бірегейлендіру нөмірі;

26) жазбалардың бірінде эмиссиялық бағалы қағаздардың айырбасталымдық мүмкіндігі көрсетіледі: "Иә" немесе "Жоқ";

27) аты-жөнін, бар болса әкесінің атын көрсете отырып, эмитенттің басқару органдары (директорлар кеңесінің төрағасы, директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы органның басшысы (атқарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға), атқарушы органның мүшелері және қоғамның бас б у х г а л т е р і) ;

28) эмитенттің төлем агентінің атауы;

29) эмитенттің тіркеушісінің атауы;

30) эмитенттің қаржы есебіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның а т а у ы ;

31) бекіту үшін ["дд.мм.гг." форматында] эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы есепті ұсыну күні;

32) бекіту үшін ["дд.мм.гг." форматында] эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы есепті бекіту күні;

33) жазбалардың бірінде көрсетілетін эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру жағдайы: "Орналастырылатын", "Толық орналастырылған", "Орналастыру тоқтатылған";

34) эмиссиялық бағалы қағаздардың түрлері бойынша орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы есепті бекіту күніне орналастырылған (өтелген) эмиссиялық бағалы қағаздардың саны;

35) ["дд.мм.гг." форматында] эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру аяқталған (аралық) күн (есепті күн);

36) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

37) оларға тиесілі акциялардың эмитенттің, қоғам сатып алғанын қоспағанда, орналастырылған акцияларының жалпы санына проценттік ара қатынасты

көрсете отырып, эмитенттің орналастырылған акцияларының 10 және одан астам процентіне иелік ететін акционерлер, сондай-ақ оларға тиесілі дауыс беруші акциялардың эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санына проценттік арақатынасын көрсете отырып ірі акционерлер;

38) акция шығарылымдарын жоятын органның атауы;

39) ["дд.мм.гг." форматында] акция шығарылымын жою күні;

40) акция шығарылымдарын жоюдың себебі;

41) эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеу үшін ұсынған эмитенттің құжаттарын қараған уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі қызметкерінің аты-жөні, әкесінің аты;

42) эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымы және олардың эмитенттері жөнiндегі ескертулер.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 76 қаулысымен, 2007.05.28 N 155 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

19. Облигациялар тізілімі мынадай мәліметтерден тұрады:

1) осы Ереженің 18-тармағының 1)-30), 41) және 42) тармақтарында көрсетілгендер;

2) облигациялар шығарылымының көлемі;

3) облигациялар айналысының мерзімі;

4) жазбалардың бірінде көрсетілетін облигациялар шығарылымының нысаны: "Құжаттандырылмаған" немесе "Құжаттандырылған";

5) облигациялар бойынша купондық сыйақының мөлшері;

6) облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу күні (шығарылған кезде осындай болса);

7) ипотекалық және қамтамасыз етілген облигациялардың ұстаушылары өкілдерінің атауы;

8) осы Ереженің 18-тармағының 31)-40) тармағында аталғандар.

20. Қазақстандық депозитарлық қолхаттар тізілімінде мынадай мәліметтер бар:

1) мыналарды көрсете отырып, қазақстандық депозитарлық қолхаттар эмитенттері туралы мәліметтер;

осы Ереженің 18-тармағының 1)-19), 23), 24), 25), 28) және 38)-41) тармақшаларында аталған мәліметтер;

бір қазақстандық депозитарлық қолхаттың негізгі активін құрайтын бағалы қағаздардың саны;

қазақстандық депозитарлық қолхатты орналастыру бағасы;

қазақстандық депозитарлық қолхаттың айналыс мерзімі;

андеррайтердің атауы;

["дд.мм.гг." форматында] қазақстандық депозитарлық қолхатты орналастыру қорытындылары туралы есепті ұсыну күні;

["дд.мм.гг." форматында] қазақстандық депозитарлық қолхатты орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту күні;

жазбалардың бірінде көрсетілетін қазақстандық депозитарлық қолхатты орналастыру жағдайы: "Орналастырылатын", "Толық орналастырылған", "Орналастыру тоқтатылған";

қазақстандық депозитарлық қолхаттың түрлері бойынша орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту күніне орналастырылған қазақстандық депозитарлық қолхаттың саны;

["дд.мм.гг." форматында] қазақстандық депозитарлық қолхатты орналастыру аяқталған (аралық) күн (есепті күн);

["дд.мм.гг." форматында] бекіту үшін қазақстандық депозитарлық қолхатты орналастыруды өтеу қорытындылары туралы есепті ұсыну күні;

["дд.мм.гг." форматында] қазақстандық депозитарлық қолхатты өтеу аяқталған (аралық) күн (есепті күн);

["дд.мм.гг." форматында] қазақстандық депозитарлық қолхатты орналастыру қорытындылары туралы есепті назарға алу күні;

2) мыналарды көрсете отырып, қазақстандық депозитарлық қолхаттың негізгі активтерінің эмитенттері туралы деректер:

осы Ереженің 18-тармағының 1), 2), 5), 9), 24), 28), 36) және 37) тармақшаларында аталған мәліметтер;

негізгі активтің түрлері мен санаттары;

негізгі активтің айналыс мерзімі;

негізгі активтің рыноктық бағасы.

20-1. Пайлар тізілімінде мынадай мәліметтер бар:

1) осы Ереженің 18-тармағының 16)-18), 21), 22), 25), 32), 34), 35), 41) тармақшаларында санамаланғандар;

2) қордың атауы;

3) қордың түрі;

4) басқарушы компанияның атауы;

5) облысты, межелі жерді, көшені (массивті) және ғимарат нөмірін көрсете отырып басқарушы компанияның мекен-жайы;

6) басқарушы компанияның бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

7) тіркеушінің атауы;

8) кастодианның атауы;

9) орналастырылған пайлардың жалпы санында оларға тиесілі пайлардың үлесін көрсете отырып пайлардың меншік иелерінің атауы;

10) пайларды орналастырудың аяқталу күніне қордың таза активтерінің құны;

11) пайларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуге ұсынылған құжатты қараған уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі қызметкерінің фамилиясы, инициалдары.

Ескерту. 2-тарау 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.03.25 N 76 қаулысымен; өзгеріс енізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.05.28 N 155 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

21. Акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу кезінде акциялар тізілімінде осы Ереженің 18-тармағының 1)-30), 36), 37), 41) және 42) тармақшалары толтырылады.

22. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу кезінде облигациялар тізілімінде осы Ереженің 19-тармағының 1)-7) тармақшалары толтырылады.

22-1. Пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу кезінде осы Ереженің 18-тармағының 16)-18), 21), 22), 25), 41) тармақшалары және 20-1-тармағының 2)-8) тармақшалары толтырылады.

Ескерту: 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 76 қаулысымен.

23. Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы есепті бекіткен кезде акциялар мен облигациялар тізілімінде осы Ереженің 18-тармағының 31)-37) тармақшалары толтырылады.

23-1. Пайларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту кезінде пайлар тізілімінде осы Ереженің 18-тармағының 32), 34), 35) тармақшалары және 20-1-тармағының 9)-11) тармақшалары толтырылады.

Ескерту: 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 76 қаулысымен.

24. Эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымдарын жойған кезде акциялардың, облигациялардың және қазақстандық депозитарлық қолхаттардың тізілімінде осы Ереженің 18-тармағының 38)-40) тармақшалары толтырылады.

3-бөлім. Қорытынды ережелер

25. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды
Мемлекеттік тізілімін жүргізу
е р е ж е с і н е

1-қосымша

Ескерту: 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 76 қаулысымен, 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

АКЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ КАРТОЧКАСЫ

Эмитенттің атауы _____.

Қызмет түрі _____.

Мамандану: (қажеттісін көрсету) банк ____; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ____; зейнетақы қоры ____; инвестициялық қор ____; бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары ____; басқалары ____

Мемлекеттік үлес: Иә ____; Жоқ ____.

Облыс _____ Мекен-жайы _____.

телефоны _____ факс _____ электрондық почтаның адресі _____.

Эмитенттің тарихы: (қажеттісін көрсету) құру ____; қосу ____, қайта ұйымдастыру ____; бөліну ____; біріктіру ____; қайта құру ____; басқалары ____.

Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) органы ____ тіркеу күні _____ нөмірі ____.

Жарғылық капитал мөлшері _____, құрылтайшылар төлейтін акциялардың нақтылығы _____ құны ____.

Тіркеушінің атауы _____,

Төлем агенті _____ Аудиторлық ұйым _____

Шығарылымның құрылымы:

акцияның түрі	Саны	айырбасталымдылық мүмкіндігі	артықшылықты акциялар үшін дивидендтердің кепілдік берілген мөлшері
---------------	------	------------------------------	---

Акциялардың 10%-нен астамын иеленетіндер акционерлер (шығарылым проспектісі бойынша)

--	--	--	--

N p/c	Акционер	Мекен-жайы	қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан астам процентіне иелік ететін әрбір акционер акцияларының, қоғам сатып алғанын қоспағанда, орналастырылған акциялардың жалпы санына проценттік ара қатынасы, сондай-ақ қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан астам процентіне иелік ететін акционерге тиесілі акциялардың қоғамның дауыс беруші акциялардың жалпы санына проценттік ара қатынасы

Қоғамның лауазымды тұлғалары туралы мәліметтер:

Лауазымы	Аты-жөні, бар болса әкесінің аты	қоғамның орналас. тырылған акция. ларының он және одан астам п р о ц е н . тіне иелік ететін әрбір акционер акцияларының, қоғам сатып алғанын қос. пағанда, орналас. тырылған акция. лардың жалпы са. нына проценттік ара қатынасы, сондай-ақ қоғамның дауыс беруші акция. ларының он және одан астам п р о ц е н . тіне иелік ететін акционерге тиесілі акциялардың қоғамның дауыс беруші акциялардың жалпы санына проценттік ара қатынасы	Қай күннен бастап лауазымды қызметте
Директорлар кеңесінің Төрағасы			
Директорлар кеңесінің мүшелері			
Атқарушы орган. ның басшысы немесе атқарушы органның функ. цияларын жеке дара орындайтын тұлға			
Атқарушы орган. ның мүшелері			
Бас бухгалтер			

Атқарушы органның орындаушысы _____ Қолы _____ күні _____

Эмиссиялық бағалы қағаздардың
 мемлекеттік тізілімін жүргізу
 ережесіне 2-қосымша

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 76 қаулысымен, 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Облигацияларды шығару карточкасы

Эмитенттің атауы _____

Қызмет түрі _____

Мамандану: (қажеттісін көрсету) банк _____; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы _____; зейнетақы қоры _____; инвестициялық қор _____; бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы _____; басқалары _____

Мемлекеттік үлес: Иә ___; Жоқ ____.

Облыс _____ Мекен-жай _____.

телефоны _____ факс _____ электрондық поchtаның адресі _____.

Эмитенттің тарихы: құру _____; біріктіру _____, бөлу _____;

бөліп шығару _____; қосу _____; өзгерту _____; басқалары _____.

Заңды тұлғаны тіркеген орган _____

тіркелген күні _____ нөмірі _____.

Шығарылым көлемі _____ теңге, номиналды құны _____

Тіркеушінің атауы: _____

Облигациялар шығарылымының (облигация бағдарламасының) тіркелген күні:

Өлшем бірлігін көрсете отырып облигациялардың айналыс мерзімі _____ (жылдар, айлар, апталар, күндер)

Купондарды төлеу кезеңділігі _____

Шығарылым құрылымы:

Облигациялар шығарылымының нөмірі және түрі	Шығарылым көлемі	Номиналды құны	Саны	Ұлттық бірегейлендіру нөмірі	Айыр-бастау мүмкіндігі	Купондық ставка мөлшері

Эмитенттің лауазымды тұлғалары туралы мәліметтер:

Лауазымы	фамилиясы, аты, әкесінің аты	Қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан астам процентіне иелік ететін әрбір акционер акцияларының, қоғам сатып алғанын қоспағанда, орналастырылған акциялардың жалпы санына проценттік ара қатынасы, сондай-ақ қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан астам процентіне иелік ететін акционерге тиесілі акциялардың қоғамның дауыс беруші акциялардың жалпы санына проценттік ара қатынасы
Бірінші басшы		
Бас бухгалтер		

Уәкілетті органның орындаушысы _____ Қолы _____ күні _____

Эмиссиялық бағалы қағаздардың
мемлекеттік тізілімін жүргізу

ережесіне 2-1 қосымша

Ескерту: 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.03.25 N 76 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.05.28 N 155 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Пайлар шығарылымының карточкасы

Пайлар шығарылымының тіркеу нөмірі _____

Пай қорының түрі: _____

Пай қорының атауы: _____

Пайлар шығарылымының тіркелген күні: _____

Пай қорының қызмет ету мерзімі: _____

Пайдың номиналды құны: _____

Пайларға берілген ұлттық бірегейлендіру нөмірі: _____

Пайларды орналастырудың басталу шарттары: _____

Басқарушы компанияның атауы: _____

Басқарушы компанияның мекен-жайы:

облыс: _____

мекен-жайы: _____

Басқарушы компанияның бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

Кастодианның атауы: _____

Тіркеушінің атауы: _____

Уәкілетті органның орындаушысы _____ Қолы _____ күні _____

Эмиссиялық бағалы қағаздарды
Мемлекеттік тізілімін жүргізу
е р е ж е с і н е

3-қосымша

**Акцияларды шығару нөмірін және
ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін алу үшін**

ӨТІНІМ

1	Эмитенттің	толық	атауы
2	Толық	почталық	мекен-жайы
3	Заңды тұлғаны	тіркеу (қайта тіркеу)	органы
4	Заңды тұлғаны	тіркеу (қайта тіркеу)	күні

5	Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі
6	Акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу немесе акция шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру
7	Ш ы ғ а р ы л ы м н ө м і р і
8	Жай акциялардың ұлттық бірегейлендіру н ө м і р і
9	Артықшылықты акциялардың бірегейлендіру н ө м і р і
1 0	О р ы н д а у ш ы
1 1	Ө т і н і м б е р г е н к ү н

Эмиссиялық бағалы қағаздарды
Мемлекеттік тізілімін жүргізу
е р е ж е с і н е

4-қосымша

**Облигацияларды шығару нөмірін және ұлттық
бірегейлендіру нөмірлерін алу үшін
ӨТІНІМ**

1	Эмитенттің толық атауы
2	Толық почталық мекен-жайы
3	Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) органы
4	Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) күні
5	Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі
6	Жарғылық капиталдың нөмірі
7	Облигациялардың түрі
8	Облигациялардың айналыс мерзімі
9	Ш ы ғ а р ы л ы м н ө м і р і
10	Облигацияның ұлттық бірегейлендіру нөмірі
1 1	О р ы н д а у ш ы
1 2	Ө т і н і м б е р г е н к ү н

Эмиссиялық бағалы қағаздардың
мемлекеттік тізілімін жүргізу

ережесіне 5 қосымша

Ескерту: 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 76 қаулысымен.

Пайлар шығарылымын тіркеу нөмірін және ұлттық бірегейлендіру нөмірін алу үшін өтінім

1	Пай қорының атауы	
2	Пай қорының түрі	
3	Басқарушы компания	
4	Басқарушы компанияның толық почталық мекен-жайы	
5	Қордың қызмет ету мерзімі	
6	Басқарушы компанияның нөмірі	
7	Пай қорының нөмірі	
8	Шығарылымның тіркеу нөмірі	
9	Пайлардың ұлттық бірегейлендіру нөмірі	

Уәкілетті органның орындаушысы _____ Қолы _____ күні _____

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының

"Эмиссиялық бағалы қағаздардың

мемлекеттік тізілімін жүргізу

ережесін бекіту туралы"

2003 жылғы 27 қазандағы

№ 382 қаулысына

2-қосымша

Күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Мынадай құқықтық нормативтік актілердің:

1) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамдардың акцияларын бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінде тіркеу тәртібі және оларға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру туралы ережесін бекіту жөніндегі" 1997 жылғы 8 қазандағы № 159 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 460 тіркелген, Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағына 1998 жылы жарияланған, 2-том);

2) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасында шаруашылық субъектілерінің облигацияларын бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінде тіркеу тәртібі және оларға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру туралы ережесін бекіту жөніндегі"

1997 жылғы 8 қазандағы N 162 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 459 тіркелген, Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағына 1998 жылы жарияланған, 2-том);

3) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамдардың акцияларын бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінде тіркеу тәртібі және оларға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру туралы ережесін бекіту жөніндегі" 1997 жылғы 8 қазандағы N 159 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2001 жылғы 11 қаңтардағы N 97 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1393 тіркелген, Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағына 1998 жылы жарияланған, 3-том) күші жойылды деп танылсын.